

Атырау облысының кейбір білім беру және мәдениет объектілеріне атау беру және қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 19 наурыздағы № 124 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Атырау облысының мынадай білім беру және мәдениет ұйымдары:

1) "Жалпы білім беретін Нарын орта мектебі" мемлекеттік мекемесі "Исатай аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Фариза Онғарсынова атындағы жалпы білім беретін орта мектеп" мемлекеттік мекемесі;

2) "Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Н.В. Гоголь атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ғабит Мұсірепов атындағы жалпы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) "Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Н.К. Крупская атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Фариза Онғарсынова атындағы жалпы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) "Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ф. Энгельс атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қадыр Мырза Әли атындағы жалпы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) "Атырау облысы Құрманғазы ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Морской ауылдық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны "Атырау облысы Құрманғазы ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Шабыт ауылдық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

6) "Атырау облысы Құрманғазы ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Калинин ауылдық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны "Атырау облысы Құрманғазы ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Өнерпаз ауылдық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

7) "Атырау облысы Құрманғазы ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Киров ауылдық клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны "Атырау облысы Құрманғазы ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жаңаталап ауылдық клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып қайта аталын

2. "Атырау халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамына Хиуаз Доспанованаң есімі берілсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

A. Мамин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК